

Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ оларды іске асырудың мониторингі мен оны бағалау қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 қазандағы № 1236 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 1 қыркүйектегі № 727 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2015 № 727 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 11-бабының 6) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегияларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ оларды іске асырудың мониторингі мен оны бағалау қағидалары ;

2) Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ оларды іске асырудың мониторингі мен оны бағалау қағидалары бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің және жарғылық капиталына мемлекет қатысатын ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларын әзірлеу, бекіту және олардың іске асырылуын бағалау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 286 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2010 ж., № 29, 220 - қ ұ ж а т ) ;

2) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 сәуірдегі № 351 және 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 286 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 желтоқсандағы № 1482 қаулысы ;

3) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгеріс пен

толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 наурыздағы № 209 қаулысы 1-тармағының 3) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 23, 286-құжат).

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

|                         |                                  |
|-------------------------|----------------------------------|
| <i>Премьер-Министрі</i> | <i>Қазақстан Республикасының</i> |
| Қазақстан               | <i>К. Мәсімов</i>                |
| Үкіметінің              | Республикасы                     |
| 2011 жылғы              | 31 қазандағы                     |
| № 1236                  | қаулысымен                       |
| бекітілген              |                                  |

**Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегияларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ оларды іске асырудың мониторингі мен оны бағалау қағидалары**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидалар «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 11-бабының 6) тармақшасына, 184-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленген және акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегияларын (бұдан әрі – даму стратегиясы) әзірлеу, бекіту, сондай-ақ оларды іске асырудың мониторингі мен оны бағалау тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) компания – акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар;

2) даму стратегиясы – ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтің, ұлттық компанияның онжылдық кезеңге арналған миссиясын, пайымын, стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін айқындайтын және негіздейтін құжат;

3) атқарушы орган – алқалы орган немесе атауы компанияның жарғысында белгіленетін атқарушы органның функциясын дара басшылықпен жүзеге а с ы р а т ы н т ұ л ғ а ;

4) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі

басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;

5) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган - жергілікті мемлекеттік басқарудың және өзін-өзі басқарудың жекелеген функцияларын жүзеге асыруға әкімдік өкілеттік берген, тиісті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеме;

б) электрондық есеп – «Есептілік берудің бірыңғай жүйесі» деген бағдарламалық қамтамасыз етуді (бұдан әрі – бағдарламалық қамтамасыз ету) пайдалана отырып және ұлттық куәландырушы орталық берген компанияның электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған Мемлекеттік мүлік тізіліміне (бұдан әрі – Тізілім) қосу үшін дайындалған қосымшаларымен даму стратегиясының және/немесе оның іске асырылуын бағалау мәтінін қамтитын есеп.

## **2. Компанияның даму стратегиясын әзірлеу және бекіту тәртібі**

3. Компанияның даму стратегиясы Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарының негізінде он жылдық кезеңге бір рет әзірленеді.

4. Компанияның даму стратегиясы оның бес жылға арналған даму жоспарын әзірлеуге негіз болады және оның стратегиялық бағыттарын, мақсаттарын және қызметі нәтижелерінің көрсеткіштерін айқындайды әрі акциялары (қатысу үлестері) компанияға заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді айқындауға құқық беретін заңды тұлғалардың даму стратегияларын (қызметінің стратегиялық бағыттарын) ескере отырып, әзірленеді.

5. Компанияның даму стратегиясының жобасы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі, тиісті саланың уәкілетті органдармен немесе жергілікті атқарушы органмен (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органмен) Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарында (аумақтарды дамыту бағдарламаларында), мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларында жазылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігіне және бюджеттік жоспарлау және бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органмен әлеуметтік-экономикалық даму болжамында көрсетілген бюджеттік параметрлерге сәйкестігіне келісіледі және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Даму стратегиясы мынадай бөлімдерден тұратын құжатты білдіреді:

1) компанияның ағымдағы жағдайын талдау, ол мынадай кіші бөлімдерді қамтиды:

сыртқы ортаны талдау, ол ағымдағы ахуалды және компания жұмыс істейтін

және компанияның мақсаттарына қол жеткізуге әсер етуі мүмкін құқықтық, саяси, шаруашылық, демографиялық, технологиялық және басқа да жиынтықтағы сыртқы ортаның жаһандық факторларының әсерін талдауды қ а м т и д ы ;

ішкі ортаны талдау, ол компания қызметіндегі қуатты және әлсіз жақтарды т а л д а у д ы қ а м т и д ы .

Сондай-ақ компанияның ағымдағы жағдайын талдау қазіргі және әлеуетті қатерлер мен тәуекелдерді талдауды және компанияның мақсатына қол жеткізу үшін мүмкіндіктерді айқындауды қамтиды;

2) миссиясы мен пайымдауы, бұл ретте миссия мемлекеттің компания алдына қойған міндеттерге сәйкес болуы және мемлекет қойған міндеттердің, ол орындайтын функциялардың, қызмет бағыттарының және саланы (экономиканың секторын), өңірді дамыту тұрғысынан компанияның негізгі мақсатын қамтуы т и і с .

Пайымдау болжамды кезеңнің соңында компания орындайтын функциялар тұрғысынан оның ұстанымдарын айқындайды;

3) қызметтің стратегиялық бағыттары, мақсаттары, қызметінің түйінді көрсеткіштері мен олар бойынша күтілетін нәтижелер.

Даму стратегиясы шеңберінде компания қызметінің стратегиялық бағыттары, мақсаттары, міндеттері, қызметінің түйінді көрсеткіштері және олар бойынша күтілетін нәтижелер көрсетілуі тиіс.

Қызметтің стратегиялық бағыттары миссияға сүйене отырып, айқындалады және Компания тиісті әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге барынша әсер ететін қызмет салаларын білдіреді.

Әрбір стратегиялық бағыт үшін мақсаттар - жиынтығында компанияның жалпы мақсаттарына қол жеткізуге алып келетін қызметтің нақты, өлшенетін бағдарлар әзірленуі тиіс.

Әрбір мақсатты іске асыру шеңберінде шешілуі тиіс мақсатқа қол жеткізу үшін қажетті және жеткілікті жағдай болуы тиіс міндеттерді айқындау қажет. Сондай-ақ қызметінің түйінді көрсеткіштері бойынша мақсатқа қол жеткізу бағаланатын олардың тізбесін әзірлеу керек. Бұл ретте аталған көрсеткіштердің саны әрбір мақсат бойынша 3-тен аспауы тиіс.

Әрбір стратегиялық бағыт үшін даму стратегиясының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу жөніндегі межелі нәтижелерге сипаттама берілуі тиіс.

7. Компанияның даму стратегиясы оған қажетті негіздемелерді және компания қызметінің түйінді көрсеткіштеріне мақсатты мәндері бойынша есептеулері бар қосымшаларды қамтиды.

Даму стратегиясына қосымшалар негізгі құжатқа қажетті негіздемелерді және түсіндірмелерді, схемаларды (стратегиялық карталарды), кестелерді, осы

Қағидалардың 6-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген компания түйінді қызмет көрсеткіштеріне мақсатты мәнгер бойынша есептеулерді қамтиды.

8. Компанияның атқарушы органы даму стратегиясының жобасын жоспарланып отырған он жылдық кезеңнің алдындағы жылдың бірінші маусымынан кешіктірмей әзірлеуді жүзеге асырады және оны «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамын қоспағанда, мемлекеттік басқарудың тиісті саласын (аясын) басқару жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) немесе жергілікті атқарушы органға (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органға) қарауға және келісуге жібереді.

Тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) даму стратегиясының жобасын ол келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды.

Ескертулер болған жағдайда, атқарушы орган он күнтізбелік күн ішінде даму стратегиясының жобасын пысықтайды және оны тиісті саланың уәкілетті органына немесе жергілікті атқарушы органға (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органға) қайтадан келісуге ұсынады.

Тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы орган) пысықталған даму стратегиясының жобасын он жұмыс күн ішінде қарайды.

9. Тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы орган) даму стратегиясы келісілгеннен кейін үш жұмыс күннен кешіктірмей оны белгіленген тәртіппен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі және бюджеттік жоспарлау және бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органдарға келісуге енгізуді қамтамасыз етеді.

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы жоспарланып отырған он жылдық кезеңнің алдындағы жылдың бірінші шілдесінен кешіктірмей даму стратегиясының жобасын белгіленген тәртіппен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі және бюджеттік жоспарлау және бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органдарға келісуге енгізуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі және бюджеттік жоспарлау және бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органдар даму стратегиясының жобасын ол түскен күнінен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды.

Ескертулер болған жағдайда, тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы орган), сондай-ақ «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы он күнтізбелік күн ішінде даму стратегиясының жобасын пысықтайды және оны мемлекеттік жоспарлау жөніндегі және бюджеттік жоспарлау және бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органдар қайтадан келісуге ұсынады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі және бюджеттік жоспарлау және бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органдар пысықталған даму стратегиясының жобасын он жұмыс күні ішінде қарайды.

10. Компанияның атқарушы органы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі және бюджеттік жоспарлау және бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органдармен даму стратегиясы келісілгеннен кейін оны он күнтізбелік күннен кешіктірмей компанияның директорлар кеңесінің қарауына енгізеді.

Компанияның директорлар кеңесі даму стратегиясының жобасын он бес жұмыс күні ішінде қарайды және оны мақұлдау туралы не атқарушы органға пысықтау үшін қайтару туралы шешімді қабылдайды.

Ескертулер болған жағдайда, атқарушы орган компанияның директорлар кеңесі айқындаған, бірақ ескертулер алған сәттен бастап он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде даму стратегиясының жобасын пысықтайды және оны компанияның директорлар кеңесінің қарауына қайтадан ұсынады.

Компанияның директорлар кеңесі пысықталған даму стратегиясының жобасын қайтадан енгізген күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде қарайды.

Қайтадан қарау қорытындысы бойынша даму стратегиясының жобасын мақұлдау мерзімі осы тармақпен белгіленген мерзімнен он күнтізбелік күннен аспайтындай кезеңде компанияның директорлар кеңесі шешімінің негізінде  
ұ з а р т ы л у ы м ү м к і н .

11. Атқарушы орган «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының директорлар кеңесі даму стратегиясының жобасын мақұлдағаннан кейін оны ұлттық әл-ауқат қорын басқару жөніндегі кеңестің қарауына мақұлдау  
ү ш і н е н г і з е д і .

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы жоспарланып отырған он жылдық кезеңнің алдындағы жылдың жиырмамыншы қарашасынан кешіктірмей ұлттық әл-ауқат қорын басқару жөніндегі кеңес мақұлдаған «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының даму стратегиясының жобасын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға  
е н г і з у д і қ а м т а м а с ы з е т е д і .

12. Тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы орган) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамын қоспағанда, компанияның директорлар кеңесі мақұлдаған компанияның даму стратегиясын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын жоспарланып отырған он жылдық кезеңнің алдындағы жылдың бірінші қарашасына дейін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуді  
қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган директорлар кеңесі және

ұлттық әл-ауқат қорын басқару жөніндегі кеңес мақұлдаған «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының даму стратегиясын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын жоспарланып отырған он жылдық кезеңнің алдындағы жылдың бірінші желтоқсанынан кешіктірмей белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуді қамтамасыз етеді.

13. Компанияның атқарушы органы даму стратегиясын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы қабылданған күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде даму стратегиясын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының сканерленген көшірмесін электрондық есепке тіркеп, Тізілімге қосу үшін мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай операторға (бұдан әрі - бірыңғай оператор) электрондық есепті жібереді.

14. Электрондық есепті бірыңғай оператордың Тізілімге қосуы оның келіп түскен мерзімінен бастап компанияның электрондық мекенжайына электрондық есепті Тізілімге қосуы туралы хабарландыру жіберу жолымен бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Бірыңғай оператордың электрондық есепке техникалық ескертулері болған жағдайда, компания ескертулерді жояды және ескертулерді алған сәттен бастап компанияның директорлар кеңесінің қарауына қайтадан енгізбей бес жұмыс күні ішінде бірыңғай операторға оны қайта енгізеді.

15. Даму стратегиясына жылына бір реттен аспайтын мынадай жағдайларда:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің елдегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы Қазақстан халқына Жолдауымен, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына енгізілетін өзгерістермен, сондай-ақ компания қызметіне маңызды әсері бар ішкі және сыртқы ортаның өзгеруімен;

2) компания қызметінің стратегиялық бағыттарының өзгеруімен;

3) компанияның қайта ұйымдастырылуына байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат етіледі.

16. Осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген жағдайларда компанияның даму стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) компанияның директорлар кеңесінің даму стратегиясына өзгерістер енгізу қажеттілігі туралы шешімінен кейін бір айдан кешіктірмей, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамын қоспағанда, атқарушы орган түзетілген даму стратегиясының жобасын әзірлеуді және оны атқарушы орган тиісті саланың уәкілетті органына немесе жергілікті атқарушы органға (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органға) қарауға енгізуді

қ а м т а м а с ы з

е т е д і ;

2) компанияның директорлар кеңесінің даму стратегиясына өзгерістер енгізу қажеттілігі туралы шешімінен кейін екі айдан кешіктірмей, атқарушы орган түзетілген даму стратегиясының жобасын компанияның директорлар кеңесінің қ а р а у ы н а е н г і з е д і ;

3) тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы орган), сондай-ақ «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы түзетілген даму стратегиясының жобасын белгіленген тәртіппен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі және бюджеттік жоспарлау және бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органдарға келісуге енгізуді қамтамасыз етеді;

4) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі және бюджеттік жоспарлау және бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органдармен келісілгеннен кейін он бес жұмыс күннен кешіктірмей тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы орган) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамын қоспағанда, компанияның директорлар кеңесі мақұлдаған компанияның даму стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган ұлттық әл-ауқат қорын басқару жөніндегі кеңес «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы түзетілген даму стратегиясының жобасын мақұлдаған күннен бастап даму стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын он бес жұмыс күні ішінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуді қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Түзетілген даму стратегиясының жобасын тиісті саланың уәкілетті органының немесе жергілікті атқарушы органның (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның), мемлекеттік жоспарлау жөніндегі, мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органдардың және компанияның директорлар кеңесінің қарау және келісу тәртібі осы Қағидалардың 8-10-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

17. Компанияның атқарушы органы даму стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысы қабылданған күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде даму стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының сканерленген көшірмесін электрондық есепке тіркеп, Тізілімге қосу үшін бірыңғай операторға электрондық есепті жібереді.



18. Электрондық есепті бірыңғай оператордың Тізілімге енгізуі осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

### **3. Компанияның даму стратегиясының іске асырылу мониторингі, бағалау және бақылау**

19. Даму стратегиясының іске асырылу мониторингін Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарының (аумақтарды дамыту бағдарламаларының), мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының және компанияның даму стратегиясының көрсеткіштерінің орындалуы туралы ақпаратты талдау және қорыту мақсатында тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы орган) жүзеге асырады.

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының даму стратегиясының іске асырылу мониторингін оның директорлар кеңесі жүзеге асырады.

20. Мониторинг мемлекеттік жоспарлау жөніндегі және мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органдар бекіткен, даму стратегиясының іске асырылу мониторингін жүргізу үшін есепті ақпаратты ұсыну форматын қамтитын Мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігінің мониторингі және бағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырылады.

21. Даму стратегиясының іске асырылуын бағалауды стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың (аумақтарды дамыту бағдарламалардың), мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының іске асырылуының, оның ішінде стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда (аумақтарды дамыту бағдарламаларда), мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларында тікелей немесе жанама аталған компанияның даму стратегиясында көрсетілген компания қызметінің түйінді көрсеткіштерінің мақсатты мәндері бойынша нәтижелілігі мен тиімділігіне қол жеткізу дәрежесін айқындау мақсатында мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

22. Даму стратегиясының іске асырылуын бағалау аудиттелген қаржылық есептілік бекітілгеннен кейін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі және мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органдар бекіткен Мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігінің мониторингі және бағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізіледі.

23. Даму стратегиясының іске асырылуын бағалау нәтижелерін атқарушы орган даму стратегиясының іске асырылуын бағалау нәтижелерін алғаннан кейін бес күн ішінде бірыңғай операторға электрондық есеп түрінде ұсынады және осы Қағидалардың 14-тармағында белгіленген тәртіппен Тізілімге енгізіледі.

24. Даму стратегиясының іске асырылуын бақылауды стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың (аумақтарды дамыту бағдарламаларының), мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының, компанияның даму стратегиясының, оның ішінде бұзушылықтарды анықтау, жою мен болдырмау мақсатында жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жолымен орындалуының толықтығы мен өз уақытылығын талдау мақсатында тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы орган) жүзеге асырады.

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының даму стратегиясының іске асырылуын бақылауды оның директорлар кеңесі жүзеге асырады.

25. Даму стратегиясының іске асырылуын бақылау мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекіткен Мемлекеттік мүліктің орынды пайдалануын бақылау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілген мониторинг және немесе бағалау нәтижелерін ескеріле отырып, жүзеге асырылады.

26. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бес жыл өткен соң есепті кезеңнен кейінгі бірінші шілдеден кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Үкіметіне компаниялардың даму стратегияларының іске асырылуы туралы хабарлайды.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ñ

2 0 1 1 ж ы л ғ ы

3 1

қ а з а н д а ғ ы

№

1 2 3 6

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ оларды іске асырудың мониторингі мен оны бағалау қағидалары**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидалар «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 11-бабының б) тармақшасына, 184-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленген және акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарларын (бұдан әрі – даму жоспары) әзірлеу, бекіту, сондай-ақ оларды іске асырудың мониторингі мен оны бағалау тәртібін

а й қ ы н д а й д ы .

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) компания – акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар;

2) даму жоспары – акцияларының бақылау пакеті (жарғылық капиталындағы қатысу үлесі) мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорын, акционерлік қоғам және жауапкершілігі шектеулі серіктестік, оның ішінде ұлттық басқарушы холдинг, ұлттық холдинг және ұлттық компания қызметінің бесжылдық кезеңге арналған негізгі бағыттарын және қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін а й қ ы н д а й т ы н қ ұ ж а т ;

3) атқарушы орган – алқалы орган немесе атауы компанияның жарғысында белгіленетін атқарушы органның функциясын дара басшылықпен жүзеге а с ы р а т ы н т ұ л ғ а ;

4) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;

5) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган - жергілікті мемлекеттік басқарудың және өзін-өзі басқарудың жекелеген функцияларын жүзеге асыруға әкімдік өкілеттік берген, тиісті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеме;

б) электрондық есеп – «Есептілік берудің бірыңғай жүйесі» деген бағдарламалық қамтамасыз етуді (бұдан әрі – бағдарламалық қамтамасыз ету) пайдалана отырып және ұлттық куәландырушы орталық берген компанияның электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған Мемлекеттік мүлік тізіліміне (бұдан әрі – Тізілім) қосу үшін дайындалған қосымшаларымен даму жоспарының, сондай-ақ даму жоспарының қоса берілген нысандары мен тізбесі және/немесе оны іске асырылуын бағалау мәтінін қамтитын есеп.

## **2. Компанияның даму жоспарын әзірлеу және бекіту тәртібі**

3. Компанияның даму жоспарының жобасы оның даму стратегиясын іске асыру мақсатында бесжылдық кезеңге бір рет әзірленеді және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі, тиісті саланың уәкілетті органдармен немесе жергілікті атқарушы органмен (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органмен) Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарында (аумақтарды дамыту бағдарламаларында), мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларында жазылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігіне және бюджеттік жоспарлау және бюджеттің атқарылуы жөніндегі

уәкілетті органмен әлеуметтік-экономикалық даму болжамында көрсетілген бюджеттік параметрлерге сәйкестігіне келісіледі және директорлар кеңесі б е к і т е д і .

4. Компанияның даму жоспары акциялары (қатысу үлестері) компанияға заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді айқындауға құқық беретін заңды тұлғалардың даму жоспарларын ескере отырып, әзірленеді және мақсаттарын, міндеттерін, нәтижелер көрсеткіштерін және инвестицияларды, кірістерді, шығыстарды, қарыздарды, дивидендтерді (бюджетке аударылуға тиісті таза кірістің бір бөлігі), қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері мен басқа да мәліметтерді қоса алғанда, қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі шоғырландырылған және шоғырландырылмаған көрсеткіштерін және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен бірлесе отырып, айқындаған даму жоспары бөлімдерінің құрылымына, көрсеткіштердің нысандарына, тізбесіне және олардың құрамын қоса алғанда, нысандарды толтыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес көзделетін басқа да мәліметтерді қамтиды.

Компанияның даму жоспарында пайдаланылатын қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерінің толық тізбесі мен нысаналы мәндерін, соның ішінде акциялары (қатысу үлестері) компанияға заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді айқындауға құқық беретін заңды тұлғалар борышының деңгейін компания а й қ ы н д а й д ы .

Даму жоспарын әзірлеу жөніндегі әдіснамалық қамтамасыз етуді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен бірлесе отырып жүзеге асырады.

5. Тиісті жоспарланатын кезеңге арналған даму жоспарының жобасын әзірлеуді мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор (бұдан әрі - бірыңғай оператор) әзірлеген бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдаланып, атқарушы орган жүзеге асырады. Бұл ретте жоспарланатын бірінші жылдың қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері мәнін аша отырып ( өрістетілген түрде), жоспарланатын кейінгі жылдары біріктірілген (жиынтық) түрде жылдар бойынша бөле отырып көрсетіледі.

6. Компанияның атқарушы органы жоспарланып отырған бес жылдық кезеңнің алдындағы жылдың жиырмамыншы қыркүйегінен кешіктірмей, « Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамын қоспағанда, мемлекеттік басқарудың тиісті саласын (аясын) басқару жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) немесе жергілікті атқарушы органға (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органға) даму жоспарының жобасын қарауға және келісуге жібереді.

Тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті

бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) даму жоспарының жобасын ол келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды.

Ескертулер болған жағдайда, атқарушы орган он күнтізбелік күн ішінде даму жоспарының жобасын пысықтайды және оны тиісті саладағы уәкілетті органға немесе жергілікті атқарушы органға (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органға) қайтадан келісуге ұсынады.

Тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы орган) пысықталған даму жоспарының жобасын он күнтізбелік күн ішінде қарайды.

7. Тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы орган), сондай-ақ «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы даму жоспары келісілгеннен кейін үш жұмыс күннен кешіктірмей оны белгіленген тәртіппен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі және бюджеттік жоспарлау және бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органдарға келісуге енгізуді қамтамасыз етеді.

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы жоспарланып отырған бес жылдық кезеңнің алдындағы жылдың бірінші қазанынан кешіктірмей даму жоспарының жобасын белгіленген тәртіппен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі және бюджеттік жоспарлау және бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органдарға келісуге енгізуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі және бюджеттік жоспарлау және бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органдар даму жоспарының жобасын ол түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды.

Ескертулер болған жағдайда, тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы орган), сондай-ақ «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы он күнтізбелік күн ішінде даму жоспарының жобасын пысықтайды және оны мемлекеттік жоспарлау жөніндегі және бюджеттік жоспарлау және бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органдар қайтадан келісуге ұсынады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі және бюджеттік жоспарлау және бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органдар пысықталған даму жоспарының жобасын он жұмыс күні ішінде қарайды.

8. Компанияның атқарушы органы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі және бюджеттік жоспарлау және бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органдармен даму жоспары келісілгеннен кейін оны жоспарланып отырған бес жылдық кезеңнің алдындағы жылдың бірінші желтоқсанынан кешіктірмей компанияның директорлар кеңесінің қарауына енгізеді.

Компанияның директорлар кеңесі даму жоспарының жобасын он бес жұмыс күні ішінде қарайды және оны бекіту туралы не атқарушы органға пысықтау

үшін қайтару туралы шешімді қабылдайды.

Ескертулер болған жағдайда, атқарушы орган компанияның директорлар кеңесі айқындаған, бірақ ескертулер алған сәттен бастап он күнтізбелік күннен аспайтындай мерзімде даму жоспарының жобасын пысықтайды және оны компанияның директорлар кеңесінің қарауына қайтадан ұсынады;

Компанияның директорлар кеңесі пысықталған даму жоспарының жобасын қайтадан енгізу күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде қарайды.

9. Даму жоспарының жобасын компанияның директорлар кеңесі жоспарланып отырған бес жылдық кезеңнің алдындағы жылдың отызыншы желтоқсанына дейін бекітеді.

10. Компанияның атқарушы органы даму жоспарын бекіту мәселесі жөнінде компанияның директорлар кеңесі отырысының хаттамасынан үзінді көшірме алған күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде оны бекіту туралы директорлар кеңесі шешімінің сканерленген көшірмесін электрондық есепке тіркеп, Тізілімге қосу үшін бірыңғай операторға электрондық есепті жібереді.

11. Электрондық есепті бірыңғай оператордың Тізілімге қосуы оның келіп түскен мерзімінен бастап компанияның электрондық мекенжайына электрондық есепті Тізілімге қосуы туралы хабарландыру жіберу жолымен бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Бірыңғай оператордың электрондық есепке техникалық ескертулері болған жағдайда, компания ескертулерді жояды және ескертулерді алған сәттен бастап компанияның директорлар кеңесінің қарауына қайтадан енгізбей бес жұмыс күні ішінде бірыңғай операторға оны қайта енгізеді.

12. Даму жоспарына жылына екі реттен аспайтындай мынадай тәртіппен:

1) бірінші жыл бірінші түзету: бірінші жыл толық түрде, одан кейінгі жылдары біріктірілген (жиынтық) түрде жылдарға бөлініп, енгізілген түзетулер бойынша негіздемелерді көрсетумен;

2) бірінші жыл екінші түзету: бірінші жылды бағалау, екінші жыл толық түрде, одан кейінгі жылдар біріктірілген (жиынтық) түрде жылдарға бөлініп, енгізілген түзетулер бойынша негіздемелерді көрсетумен;

3) екінші жыл бірінші түзету: екінші жыл толық түрде, одан кейінгі жылдар біріктірілген (жиынтық) түрде жылдарға бөлініп, енгізілген түзетулер бойынша негіздемелерді көрсетумен;

4) екінші жыл екінші түзету: екінші жылды бағалау, үшінші жыл толық түрде, одан кейінгі жылдар біріктірілген (жиынтық) түрде жылдарға бөлініп, енгізілген түзетулер бойынша негіздемелерді көрсетумен;

5) үшінші жыл бірінші түзету: үшінші жыл толық түрде, одан кейінгі жылдар біріктірілген (жиынтық) түрде жылдарға бөлініп, енгізілген түзетулер бойынша негіздемелерді көрсетумен;

6) үшінші жыл екінші түзету: үшінші жылды бағалау, төртінші жыл толық түрде, одан кейінгі жылдар біріктірілген (жиынтық) түрде жылдарға бөлініп, енгізілген түзетулер бойынша негіздемелерді көрсетумен;

7) төртінші жыл бірінші түзету: төртінші жыл толық түрде, одан кейінгі жылдар біріктірілген (жиынтық) түрде жылдарға бөлініп, енгізілген түзетулер бойынша негіздемелерді көрсетумен;

8) төртінші жыл екінші түзету: төртінші жылды бағалау, бесінші жыл толық түрде, одан кейінгі жылдар біріктірілген (жиынтық) түрде жылдарға бөлініп, енгізілген түзетулер бойынша негіздемелерді көрсетумен;

9) бесінші жыл: бесінші жыл толық түрде, енгізілген түзетулер бойынша негіздемелерді көрсетумен өзгерістер мен толықтырулар әзірлеуге, енгізуге р ұ қ с а т е т і л е д і .

13. Даму жоспарына мынадай жағдайларда да:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің елдегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы Қазақстан халқына Жолдауымен, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына енгізілетін өзгерістермен, сондай-ақ компания қызметіне маңызды әсері бар ішкі және сыртқы ортаның өзгеруімен;

2) компания қызметінің стратегиялық бағыттарының өзгеруімен;

3) компанияның қайта ұйымдастырылуына байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат етіледі.

Осы Қағидалардың 13-тармағында көзделген тиісті негіздемелер болмаған жағдайларда даму жоспарының басқа көрсеткіштерін өзгертуге жол берілмейді.

14. Компанияның даму жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ағымдағы жылдың жиырма бесінші желтоқсанынан кешіктірмей мынадай тәртіппен жүзеге асырылады және компанияның директорлар кеңесі бекітеді:

1) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамын қоспағанда, атқарушы орган түзетілген даму жоспарының жобасын әзірлеуді және оны тиісті негіздемелерімен атқарушы орган тиісті саладағы уәкілетті органға немесе жергілікті атқарушы органға (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органға) қарауға енгізуді қамтамасыз етеді;

2) тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы орган), сондай-ақ «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы түзетілген даму жоспарының жобасын тиісті негіздемелерімен белгіленген тәртіппен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі және бюджеттік жоспарлау және бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органдарға келісуге енгізуді қамтамасыз етеді;

3) түзетілген даму жоспарының жобасын тиісті негіздемелерімен белгіленген тәртіппен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі және бюджеттік жоспарлау және

бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органдарға келісуге енгізгеннен кейін бір айдан кешіктірмей атқарушы орган оны тиісті негіздемелерімен компанияның директорлар кеңесінің қарауына енгізеді;

4) түзетілген даму жоспарының жобасы компанияның директорлар кеңесінің қарауына енгізілгеннен кейін бір айдан кешіктірмей компанияның директорлар кеңесі бекітеді.

Түзетілген даму жоспарының жобасын тиісті саланың уәкілетті органының немесе жергілікті атқарушы органның (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның), мемлекеттік жоспарлау жөніндегі, мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органдардың және компанияның директорлар кеңесінің қарау және келісу тәртібі осы Қағидалардың 6-7-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

15. Компанияның атқарушы органы түзетілген даму жоспары компанияның директорлар кеңесімен бекітілген күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде даму жоспарына түзетулер енгізу туралы директорлар кеңесі шешімінің сканерленген көшірмесін электрондық есепке тіркеп, Тізілімге қосу үшін бірыңғай операторға электрондық есепті жібереді.

16. Электрондық есепті бірыңғай оператордың Тізілімге енгізуі осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

### **3. Компанияның даму жоспарының іске асырылу мониторингі, бағалау және бақылау**

17. Даму жоспарының іске асырылу мониторингін Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарының (аумақтарды дамыту бағдарламаларының), мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының, компанияның даму стратегиясының көрсеткіштерінің, сондай-ақ қаржылық-шарауашылық қызметтің көрсеткіштерінің орындалуы туралы ақпаратты талдау және қорыту мақсатында тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы орган) жүзеге асырады.

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының даму жоспарының іске асырылу мониторингін оның директорлар кеңесі жүзеге асырады.

18. Мониторинг мемлекеттік жоспарлау жөніндегі және мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органдар бекіткен, даму жоспарының іске асырылу мониторингін жүргізу үшін есепті ақпаратты ұсыну форматын қамтитын Мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігінің мониторингі және бағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізіледі.



19. Даму жоспарының іске асырылуын бағалауды аудиттелген қаржылық есептілік бекітілгеннен кейін, компанияның директорлар кеңесі осы Қағидалардың 20-тармағында көрсетілген даму жоспарының бағалау көрсеткіштерінің тізбесіне сәйкес компанияның директорлар кеңесі жүзеге асырады.

20. Даму жоспарының іске асырылуын бағалау көрсеткіштерінің тізбесі мыналарды :

- 1) елдің бағдарламалық және стратегиялық құжаттарының (аумақтарды дамыту бағдарламаларының), мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының, сондай-ақ компанияның даму стратегиясының орындалуына сәйкестігіне компанияның даму жоспарының орындалуын;
- 2) компания қызметінің өндірістік көрсеткіштерінің орындалуын;
- 3) компания қызметінің қаржылық көрсеткіштерінің орындалуын;
- 4) инвестициялық (инновациялық) жобалардың іске асырылуын;
- 5) корпоративтік басқаруды;

б) өзге де мақсаттардың, міндеттердің орындалуын бағалауды және компанияның бекітілген даму жоспарында көрсетілген қызметтің болжамды түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізуді бағалауды қамтиды.

21. Даму жоспарының іске асырылуын бағалау нәтижелерін атқарушы орган компанияның директорлар кеңесі отырысының хаттамасынан үзінді көшірме алған күннен бастап, бес күн ішінде бірыңғай операторға даму жоспарының іске асырылуын бағалау нәтижелерін бекіту туралы директорлар кеңесі шешімінің сканерленген көшірмесін қоса бере отырып электрондық есеп түрде ұсынады және осы Қағидалардың 11-тармағында белгіленген тәртіппен Тізілімге енгізіледі.

22. Даму жоспарының іске асырылуын бақылауды стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың (аумақтарды дамыту бағдарламаларының), мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлардың, компанияның даму стратегиясы мен даму жоспарының, оның ішінде бұзушылықтарды анықтау, жою мен болдырмау мақсатында жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жолымен орындалуының толықтығы мен өз уақытылығын талдау мақсатында тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы орган) жүзеге асырады.

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының даму жоспарының іске асырылуын бақылауды оның директорлар кеңесі жүзеге асырады.

23. Даму жоспарының іске асырылуын бақылау мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекіткен Мемлекеттік мүліктің орынды пайдалануына

бақылау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілген мониторинг және немесе бағалау нәтижелерін ескере отырып, жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ